

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігімен

2010 жылдың 19 шілдесінде

Келісілді

Қазақстан Республикасы қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау Агенттігі Төрағасының
орынбасары

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2010 жылдың 28 мамырындағы
№ 11 хаттама)

Бекітілді

2010 жылдың 20 қазанынан бастап

Қолданысқа енгізілді

А.У. АЛДАМБЕРГЕН

Мерзімдік контракттардың биржалық сауда-саттық ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2010

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі Агенттікпен 2010 жылдың 01 қарашасында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылдың 29 шілдесіндегі отырысының № 17 хаттамасы);
- 2010 жылдың 05 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгерту мен толықтыру:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2010 жылдың 02 қарашасында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" (2010 жылдың 04 қазанындағы отырысының № 22 хаттамасы);
- 2010 жылдың 08 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Мерзімдік контракттардың биржалық сауда-саттық Ережелері "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) өткізетін сауда-саттығында мерзімдік контракттармен мәміле жасасу шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап.

Ұғымдар

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) **"маклер"** – мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттығын уақытша тоқтатуға және қайта жалғастыруға Биржамен өкілденген тұлға;
 - 2) **"базалық актив"** – мерзімдік контракттың заты;
 - 3) **"маркет-мейкер"** – белгілі сериядағы мерзімдік контракттар бойынша екі жақты баға белгілеулерді үнемі жариялап, қолдап отыруға өзіне міндеттемені алған, Биржа мүшесі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) **"мерзімдік контракттың маманданымы"** – мерзімдік контракттың шарттары мен параметрлерін анықтайтын, құжат *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 5) **"мерзімдік контракт"** – биржалық сауда-саттығы осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылатын, туынды қаржы құралы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 6) **"трейдер"** – мерзімдік нарық мүшесімен мерзімдік контракттардың биржалық сауда-саттығына қатысуға өкілденген, жеке тұлға *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 7) **"фьючерстік контракт (фьючерс)"** – мерзімдік контракт, осының негізінде сатып алушы (немесе сатушы) белгілі мерзім аяқталғаннан соң, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шарттарға сәйкес, базалық активті сатып алуға (немесе сатуға) өзіне міндеттеме алады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 8) **"Биржа мүшесі"** – Мүшелік туралы Қағидада анықталғандай, мерзімдік нарық мүшесі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға іспеттес.

2 бап.

Биржалық мерзімдік мәмілелерді жасасудың жалпы ережелері

3. Биржалық сауда-саттық заты ретінде қолданылатын мерзімдік контракттың бірегейлендірілген шарттары болады.
4. Биржалық мерзімдік мәміле деп Биржа мен Биржа мүшелері арасында биржалық сауда-саттық барысында, осы Ережелерге сәйкес, мерзімдік контракттардың сатып алу – сату мәмілелері танылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

5. Биржалық мерзімдік мәміле жасасу, оның тараптары мерзімдік контракттың маманданымына және мерзімдік нарықтағы клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелеріне сәйкес, мерзімдік контракт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді өзіне алуды білдіреді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Биржа мүшесі биржалық сауда-саттық барысында мерзімдік контрактты сатып алуға – сатуға өтінім бергені осы мүшенің биржалық мерзімдік мәмілені өтінімде көрсетілген шарттар бойынша немесе өтінімде көрсетілген шарттарда кем емес шарттар бойынша, өтінімнің толық немесе ішін-ара көлемінде жасасуға сөзсіз келісімін білдіреді.
7. Биржа мүшесінің мерзімдік контракттарды сатып алу – сатуға өтінімінің шарттары және мерзімдік контракттармен жасалған биржалық мәмілелердің мазмұны құпия ақпаратқа жатады және аталмыш Биржа мүшесінің рұқсатысыз үшінші тараптарға жариялауға және/немесе таратуға жатпайды.

Мемлекеттік органдарға ақпараттар беру, соның ішінде құпиялы санатына жатқызылған ақпараттарды беру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес анықталады.

2 бөлім. БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚҚА ЖІБЕРУ

3 бап.

Мерзімдік контракттар

8. Биржалық мерзімдік сауда-саттық заты болып табылатын, мерзімдік контракттардың стандарттық шарттары, Биржа Басқармасы бекітетін маманданымдарға сәйкес анықталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
9. Белгілі бір тұрпаттағы мерзімдік контракттар бойынша сауда-саттық, осы тұрпаттағы мерзімдік контракттың маманданымы бекітіліп өз күшіне енгеннен кейін ашылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
10. Мерзімдік контракттарды биржалық сауда-саттық заты ретінде қолдану туралы шешім мен осындай мерзімдік контракттардың маманданымдары Биржа мүшелерінің назарына аталмыш мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттық басталар алдында бес жұмыс күн бұрын жеткізілуі тиіс.
11. Белгілі тұрпаттағы мерзімдік контракттардың стандарттық шарттары мерзімдік контракттардың маманданымына өзгертулер мен толықтырулар енгізу нәтижесінде өзгертілуі мүмкін, осындай өзгертулерді Биржа Басқармасы бекітуі тиіс.
Биржалық кеңесінің немесе Биржа Басқармасының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Биржа өз мүшелерін мерзімдік контракттардың маманданымына өзгертулер мен толықтырулар енгізілетіні туралы, осы өзгертулер өз күшіне енетін күннен он жұмыс күн бұрын құлақтандыруы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
12. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған)*.
13. Биржа Басқармасы мерзімдік контракттар маманданымдарының қолданыста болуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Биржалық кеңесінің немесе Биржа Басқармасының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Биржа өз мүшелерін мерзімдік контракттардың маманданымының қолданыста болуы мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы, мерзімдік контракттың мерзімінен бұрын тоқтатылатын күнінен он жұмыс күн бұрын құлақтандыруы тиіс.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

4 бап. Биржа мүшелері

14. Мерзімдік контракттардың биржалық сауда саттығына тек Биржа мүшелері ғана қатыса алады.
15. Биржаның мерзімдік нарығының мүшелігіне қабылдау және мүшелік етудің шарттары Биржаның ішкі құжаттарымен анықталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
- 15-1. Биржа мүшесі АҚШ долларының теңгеге маманданған фьючерстердің биржалық сауда-саттығына мынадай талаптарды орындау шартымен ғана жіберіледі:
 - 1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржаға ұсынылатын қаржылық есеп берушілік бойынша, айлық есептік көрсеткіштің бес миллион үш жүз сегіз мың есе көлеміне бара-бар соманы құрайтын меншікті капиталының бар болуы;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген көлемде Кепілдік қорына міндетті кепілдік жарнасын төлеу.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

- 15-2. Биржа мүшесін KASE индексіне маманданған фьючерстердің биржалық сауда-саттығына жіберілуі үшін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген көлемде Кепілдік қорына міндетті кепілдік жарнасын төлеуі бойынша талап қойылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен енгізілген және Биржалық Кеңестің 2010 жылдың 04 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*
- 15-3. Осы баптың 15-1 және 15-2 тармақтарында белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қатысты қолданылмайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 04 қазанындағы шешімімен енгізілген).*
16. Биржа мүшелері мерзімдік контракттармен жасалатын операцияларды, осы баптың талаптарын орындау шартымен, өз атынан және өз есебінен, сондай-ақ клиенттерінің атынан және олардың есебінен жүзеге асыра алады.

Биржа қызметкерлері, Биржада жұмыс істеу мерзімінде және Биржамен еңбектік қарым-қатынас аяқталған соң алты айға дейін, мерзімдік контракттармен жасалатын мәмілелер бойынша оның мүшелерінің клиенттері бола алмайды.

5 бап. Трейдерлер

17. Мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттықта Биржа мүшелері атынан, олар өкілдеген жеке тұлғалар – трейдерлер қатысады.
18. Трейдерді сауда-саттыққа жіберу шарттары Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
19. Трейдерге, егер ол Биржа мүшесінің мерзімдік контракттар бойынша клиенті болмаса, мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттықта өз атынан және/немесе өз есебінен операциялар жасауға тыйым салынады.

20. Трейдердің биржалық сауда-саттықта мерзімдік контракттармен жасаған кез келген әрекеттері Биржа мүшесінің әрекеттеріне теңестіріледі.
21. Трейдердің осы Ережелер талаптарын бұзу деректері анықталған жағдайда, Биржа осындай трейдерді мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттыққа қатысудан шеттетуге құқылы.
Шеттетудің ұзақтылығы мен шарттарын Биржа Басқармасы белгілейді.
Трейдерді мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттығынан шеттету туралы Биржа Басқармасының шешіміне Биржа мүшесі Биржалық кеңеске шағымдана алады.
Шешімге шағымдану оның күшін тоқтатпайды.

6 бап.

Сауда-саттыққа жіберілетін өзге де тұлғалар

22. Трейдерлер мен Биржа қызметкерлерінен басқа, сондай-ақ Биржа Президенті мен Вице-президенттерден басқа мерзімдік контракттар бойынша өткізілетін биржалық сауда-саттыққа қатысатын өзге тұлғалар тек байқаушылар ретінде және Биржа Президентінің мерзімдік контракттар бойынша өткізілетін сауда-саттыққа жетекшілік ететін Вице-президентінің рұқсатымен ғана қатыса алады.
23. Биржалық сауда-саттыққа қатысатын ешбір тұлға сауда-саттық өткізу барысында хабарландыру немесе ескерту жасауына, сондай-ақ осы сауда-саттыққа қатысы жоқ өзге де әрекеттер жасауға құқығы жоқ.
24. Трейдерлерден басқа, биржалық сауда-саттыққа қатысатын өзге тұлғаларға мерзімдік контракттармен операцияларды жүзеге асыруына тыйым салынады.
25. Биржалық сауда-саттыққа байқаушылар ретінде қатысатын тұлғаларға, осы үдеріске тікелей немесе жанама түрде кірісуіне тыйым салынады.

3 бөлім. МЕРЗІМДІК КОНТРАКТТАР БОЙЫНША БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

7 бап.

Мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттық регламенті

26. Сауда-саттық регламентін (сауда-саттық өткізудің орны мен уақыты және оларды өткізудің өзге де негізгі параметрлерін) Биржа Басқармасы анықтайды.
27. Биржа Басқармасы белгілегендей сауда-саттықтың орны мен уақыты өзгерген жағдайда, Биржа Биржа мүшелерін сауда-саттық басталар алдында кемінде 18 сағат бұрын ескертуі тиіс.
Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген норма, Биржа Президенті немесе сауда-саттыққа жетекшілік ететін Вице-президентті сауда-саттықты әдеттегі тәртіпте өткізу мүмкін болмаған шұғыл жағдайда сауда-саттық регламентін өзгертуіне қатысты қолданылмайды.

8 бап.

Мерзімдік контракттармен сауда-саттық өткізу әдістері

28. Мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттық өткізудің негізгі әдісі сауда-саттық жүйесі көмегімен өткізілетін үздіксіз қарсылама аукцион болып табылады.
29. Мерзімдік контракттар сериясы үшін биржалық сауда-саттықтың ашылу бағасы ретінде (басым артықшылықты тәртібінде):
 - 1) осы сериядағы мерзімдік контракттардың сату өтінімдерінің минималды бағасы мен сатып алу өтінімінің максималды бағасы арасындағы орташа шамасы;

- 2) сатуға өтімідер болмаған жағдайда – осы сериядағы мерзімдік контракттарды сатып алу өтінімдерінің максималды бағасы;
немесе
сатып алуға өтінімдер болмаған кезде – осы сериядағы мерзімдік контракттарды сату өтінімдерінің минималды бағасы;
 - 3) сатып алу және сату өтінімдері болмаған кезде – осы серия бойынша бір күн бұрын өткен биржалық сауда-саттықтағы есептесу бағасы қолданылады.
30. Мерзімдік контракттар бойынша биржалық сауда-саттықты негізгі әдіспен өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Биржа Басқармасының шешімімен өзге әдістер қолданылады.
31. Биржалық сауда-саттықты қандай да бір әдіспен өткізу тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында сипатталған.

9 бап. Шектелімдерді сақтауды бақылау

32. Мерзімдік контракттар нарығында Биржа баға өзгеруінің шектелімін және жайғасымдардың ашылу шектелімін белгілейді, олардың тәртібі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.
33. Биржа мүшесі берген өтінімі баға шектеліміне немесе жайғасымдардың ашылу шектеліміне сәйкессіздігі жағдайында Биржаның сауда-саттық жүйесі автоматты түрде осындай өтінімді қабылдамайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

10 бап. Техникалық жаңылыстар

34. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған)*.

11 бап. Мерзімдік контракттар бойынша сауда-саттықты уақытша тоқтату

35. Осы Ережелерде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген жағдайда және тәртіпте, соның ішінде *(осы абзац Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) мерзімдік контракттар сериясы үшін белгіленген баға өзгеру шектелімдері өзгегенде *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) Биржа мүшелерінің кемінде бір мүшесінің дәрменсіздігі мерзімдік нарығы үшін айтарлықтай қауіп төндіргенде *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) соңғы бес сауда-саттық күні мерзімдік контракттардық сауда-саттығы өткізілмегенде;
 - 4) Биржаның сауда-саттығы жүйесінің техникалық жаңылысы орын алғанда.

Биржа мерзімдік контракттар бойынша сауда-саттықты уақытша тоқтатуға құқылы

36. Мерзімдік контракттар бойынша сауда-саттық уақытша тоқтатылған жағдайда, мерзімдік контракттар бойынша қолданыстағы барлық өтінімдер, сауда-саттықты тоқтатқан сәтте, автоматты түрде алып тасталады.

4 бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

12 бап. Маркет-мейкерлер

37. Мерзімдік нарықтағы маркет-мейкер мәртебесін беру немесе айыру шарттары мен тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

13 бап. Клиринг пен есептесуді жүзеге асыру тәртібі

38. Мерзімдік контракттардың ағымдағы биржалық сауда-саттығының сессиясы аяқталғаннан соң Биржа, Мерзімдік нарықтағы клирингтік қызметті жүзеге асыру Ережелерінде белгіленген тәртіпте, клирингтік сессиясын өткізеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
39. Сауда-саттық және клирингтік сессиялары аяқталғаннан соң Биржа әр Биржа мүшесіне Биржалық куәлігін беріп, онда:
- 1) олардың биржалық сауда-саттық барысында мерзімдік контракттармен жасаған мәмілелері туралы;
 - 2) Мерзімдік нарықта клирингтік қызметті жүзеге асыру Ережелеріне сәйкес, мерзімдік контракттар бойынша өткізілген сауда-саттық нәтижесінде пайда болған олардың талаптары мен міндеттері туралы мәлімдейді.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

40. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған)*.
41. Мерзімдік мәмілелерге байланысты есептесулерді жүзеге асыру мерзімдері Биржаның ішкі құжаттарында анықталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

14 бап. Биржаның комиссиялық алымдары

42. Биржа мүшесі мерзімдік контракттармен жасаған мәмілелері бойынша Биржаға комиссиялық алымдарын төлейді.
43. Комиссиялық алымдарды есептеу, олардың көлемі және төлеу тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталған.
44. Биржаның комиссиялық алымдарын төлеу бойынша қарым-қатынастар Биржа мүшелері арасында жасалатын сауда-саттық және есептесушілік қызмет көрсету туралы жеке келісім-шарттарында реттеледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

15 бап. Даулар мен келіспеушіліктер

45. Мерзімдік контракттар бойынша сауда-саттыққа байланысты Биржа мүшелері және Биржа арасында, сондай-ақ Биржа мүшелері арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешілуге жатады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
46. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 29 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған)*.